



CENTER FOR
ANALYTICAL
RESEARCH &
EVALUATION



Erasmus+

Jean Monnet Modules

**« ХАЛЫҚТЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫ МЕН ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ »**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік
конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ
ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И
НАЦИОНАЛЬНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**«STATE AUDIT IN ENSURING THE HIGH QUALITY OF
LIFE OF THE POPULATION AND NATIONAL
SECURITY»**

АСТАНА 2025

УДК 657.6
ББК 65.052
С23

С Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности » = Collection of reports of the international scientific and practical conference «State audit in ensuring the high quality of life of the population and national security» = «Халықтың өмір сүру сапасы мен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Астана: - 359 б.

ISBN 978-601-385-061-0

Жинаққа мемлекеттік аудит органдары қызметкерлерінің, ғылыми қызметкерлердің, ғалым-экономистердің, қаржы саласы және мемлекеттік аудит мамандарының, профессор-оқытушылар құрамының және білім алушылардың халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of employees of state audit bodies, researchers, economists, specialists in the financial sector and state audit, faculty and students on topical issues of state audit in ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады работников органов государственного аудита, научных работников, ученых-экономистов, специалистов финансовой сферы и государственного аудита, профессорско-преподавательского состава и обучающихся по актуальным вопросам государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-385-061-0

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2025

СОДЕРЖАНИЕ

Секция 1. Роль органов государственного аудита в обеспечении высокого качества жизни населения и экономической безопасности	
Базарбай А.Б. , Әбдіқадыр А.Е. Міндетті аудит объектілеріндегі аудиттің экономикаға әсері	6
Байбозин Ж.Е. Қазақстан Республикасының экологиялық аудит жүйесінің қазіргі жағдайын талдау	11
Бияшева Н.С. Совершенствование систем управления рисками в государственном аудите: проблемы и перспективы	16
Бияхмет А.А. Методологические подходы к аудиту эффективности бюджетного финансирования транспортной отрасли в казахстане	22
Жанабаева Т.М. Еңбек және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігіне жүргізілген аудит нәтижелері	25
Маматаева Д. Аудит эффективности цифровизации налоговых систем в казахстане: проблемы и перспективы развития	31
Мәмшетов С.Ж. Агроөнеркәсіптік кешенге бөлінген бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділік аудиті	36
Рапилбекова А.Г. Аудит эффективности реализации государственной политики в области здравоохранения	42
Талғаров Д.Д., Саржакова Ж.Р. Ұйымның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін бағалау	50
Тохтахметова М.А. Қазақстан азаматтарының қоғамдық мемлекеттік аудитке қатысуы	57
Секция 2. Современные аспекты развития государственного аудита в повышении эффективности государственного управления	
Абдрашов А. М. Международная практика поддержки экспортеров и оценка её эффективности	63
Ахмедия А. Қазақстандағы міндетті аудиттің маңыздылығы	66
Мырзабек Г.М. Алибай А.Д. Аудиторлық тәуекелдерді бағалау	69
Алибекова А.Б. Ерсайынова М. Сембиева Л.М. Foreign experience of environmentally oriented state audit	74
Аманжан С. А. Цифрлық экономикаға көшу кезіндегі мемлекеттік аудиттің әлеуетті мәселелері	80
Анетова А.Н. Мемлекеттік органдардағы бизнес-процестердің реинжинирингі: мемлекеттік аудиттің тиімділігіне әсері	86
Әлімбек Ә.Г. Оценка государственной инвестиционной политики Республики Казахстан на соответствие стратегическим документам планирования	90
Еспаев Е.М. Вопросы развития экологического аудита	98
Жумағалиев Е.Т. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласындағы тиімділік аудиті және инфрақұрылымды жаңғыртуға бюджет қаражатын пайдалану	102
Капан Н.М. Цифровизация государственного аудита в агропромышленном комплексе: вызовы и перспективы	104
Құсан Н.А. Государственный аудит в повышении эффективности управления государственным долгом на местном уровне: казахстанский опыт	110

Наурыз Д.А. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды жетілдіру: шетелдік және отандық тәжірибе	117
Нурмагамбетова А.С. Сыртқы мемлекеттік аудиттің ашықтығын арттырудағы тәуекелдерді басқару жүйесінің рөлі	122
Ондасын А.Е. Цифровизация государственного аудита: современные подходы и перспективы	130
Өмірзақ.М.Е., Олжабаева.А.М. "Қазатомөнеркәсіп" ұақ "ақ қызметіндегі қателер мен жосықсыз әрекеттер: аудиторлық тәуекелдерді және бақылау шараларын талдау	140
Сакенова Г.Б. Рассмотрение международного опыта аудита эффективности реализации политики социального обеспечения в сфере продуктивной занятости Казахстана	146
Сембиев А.Н. Международный опыт развития социального аудита	152
Серікова А. Р. Энергетика саласындағы тиімділік аудиті	154
Сапархан Д.Б Қазақстан республикасының басқару жүйесіндегі мемлекеттік аудиттің рөлі	160
Сейфуллин О.Т. Развитие национальной системы сертификации государственных аудиторов как фактор повышения качества государственного аудита	168
Секция 3. Актуальные проблемы экономики в обеспечении национальной безопасности	
Анапия Н. Ж. Передача субъектов квазигосударственного сектора в конкурентную среду как инструмент снижения доли участия государства в экономике	174
Бақытжанова С. Б. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың рөлі	178
Есенбек Ч.Н. Влияние уровня финансирования науки на конкуретоспособность национальной экономики	181
Жаксылык С. Е. Жилищно-накопительная система: зарубежный опыт и практика внедрения в Казахстане	188
Жасұланова А. Б. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа және мақсатсыз шығындарға қарсы күрестегі мемлекеттік аудиттің рөлі	195
Жетпісова А.Е. Бухгалтерлік есепте әділ құнды қолдану: мәселелер мен мүмкіндіктер	202
Касенова А.К. Удаленный аудит: технологические вызовы и решения	208
Комекбаев Е. Е. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі экономиканың өзекті мәселелері	212
Мишкель И. А. Влияние киберугроз на экономическую стабильность и национальную безопасность	219
Танатова А. Қазақстан экономикасындағы ішкі аудитті қамтамасыз етудің өзекті мәселелері	225
Темирбек А. Т. Оценка влияния бухгалтерских ошибок на достоверность финансовой отчетности	233
Бекболсынова А.С. Стратегия налогового администрирования Республики Казахстан в условиях турбулентности экономики	239
Секция 4. Современные тенденции развития государственного аудита, учета и финансового менеджмента в странах Европейского союза	
Бекбосынова Л.Ж. Жабдықтаушылармен есеп айырысу есебі және ішкі бақылаудың негізгі теориясы	245
Ерниязова А.Р., Қаратаева Н.О., Боган А.А Цифравизация государственного аудит в странах ЕС: Как технологии помогают проверять финансы	252

Губарь С.А. Организация аудиторской деятельности в Республике Беларусь	259
Жахметова А.К., Шахарова А.Е. Мемлекеттік сатып алуды камералдық бақылаудың шетелдік тәжірибесі	264
Zhartybek D.B. From E-Salyq business to SAF-T: A Towards international Tax accounting standards	271
Каримова А.Х. Современное состояние учета расчетов с бюджетом в Казахстане	280
Оразбай М.А. Система внутреннего аудита в управлении рисками мошенничества в государственных органах	284
Оралбай А.М. Нормативно-правовое регулирование бухгалтерского учета и аудита амортизационной политики	289
Өмірзақ М.Е. Трансформация аудита под влияние искусственного интеллекта	297
Серикова М.А., Сембиева Л.М., Бектемир Х. Европейский опыт в формировании экологоориентированной модели государственного аудита	305
Башу З.Р., Буртебаева А.А., Оралова А Улучшение механизмов государственного аудита для оценки качества и управления природными ресурсами: опыт европейского союза	309
Сутбай А.К. Проблемы и перспективы реализации учетной и контрольной функций в современных экономических системах	314
Усеев С.Ж Современные подходы к аудиту и консалтингу в строительстве: анализ практик стран ЕС	320
Тасболатов А.Е. Стратегический аудит эффективности бюджетных средств в автодорожной отрасли Республики Казахстан	324
Машаева А.Ж., Жупышева А.О Стратегический аудит обеспечения водной безопасности в Республике Казахстан	337
Мухамедьярова Л.Р. Государственный аудит как инструмент контроля и повышения эффективности управления внебюджетными фондами	346
Сембиева Л.М., Саденова Г.С. Ключевые аспекты аудита в сфере спорта	355
Улыбышев Д.Н. Жайлауов Е.Б. Бектлеева Д.Е. Совершенствование методологии оценки эффективности использования национальных ресурсов	349
С.В.Биякин Учет лизинга в соответствии с IFRS 16 в казахстанской компании: опыт и практические аспекты	358
Алтынбек Т., Темірлан Т. Қонақ үй табыстылығын басқарудағы түнгі аудиттің рөлі	364
Жұман Ғ.С. Современные подходы к учету доходов в малом и среднем бизнесе	367
Шахарова А.Е. Концепция оценки влияния эффективного использования национальных ресурсов на качество жизни населения и национальную безопасность казахстана	372
Ирисбекова М.Н. Актуальные вопросы экономической безопасности региона	375

СЕКЦИЯ 1. РОЛЬ ОРГАНОВ ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И ЭКОНОМИЧЕСКОЙ БЕЗОПАСНОСТИ

МІНДЕТТІ АУДИТ ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ АУДИТТІҢ ЭКОНОМИКАҒА ӘСЕРІ

Базарбай А.Б., Әбдіқадыр А.Е.

Қазақстан Республикасы, Астана қ. Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің «Мемлекеттік аудит» ББ 2 курс студенттері

E-mail: bazarbajajdana2@gmail.com

Жетекшісі: Алибекова Б. А., э.ф.к., профессор

E-mail: alibekova_ba@enu.kz

Аннотация. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы міндетті аудит жүйесінің ел экономикасына қосатын үлесі, атап айтқанда "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы мысалында талданады. Зерттеудің мақсаты – аудиттің қаржылық есептілік ашықтығына, салықтық түсімдердің тұрақтылығына, инвестициялық тартымдылыққа және жалпы экономикалық тұрақтылыққа әсерін анықтау.

Кілт сөздер: аудит, міндетті аудит, экономика, қаржылық есептілік, инвестиция, салық түсімдері.

Аннотация. В статье рассматривается вклад системы обязательного аудита в экономику Республики Казахстан на примере Национальной компании "КазМунайГаз". Цель исследования — определить влияние аудита на прозрачность финансовой отчетности, стабильность налоговых поступлений, инвестиционную привлекательность и общую экономическую устойчивость.

Ключевые слова: аудит, обязательный аудит, экономика, финансовая отчетность, инвестиции, налоговые поступления.

Abstract. This article examines the contribution of the mandatory audit system to the economy of the Republic of Kazakhstan, using the example of the national company "KazMunayGas". The aim of the study is to identify the impact of auditing on the transparency of financial reporting, the stability of tax revenues, investment attractiveness, and overall economic sustainability.

Keywords: audit, mandatory audit, economy, financial reporting, investment, tax revenues.

Кіріспе

Қазіргі экономикалық жағдайды тұрақты әрі тиімді басқару үшін компаниялардың қаржылық жағдайын тексеру және бағалау маңызды болып табылады. Бұл процесті қамтамасыз ететін негізгі құралдардың бірі — аудит. Аудит тек қана қаржылық есептілікті тексеріп қана қоймай, кәсіпорындардың заңнамалық талаптарға сәйкестігін бақылап, олардың тиімділігін бағалайды. Бұл

өз кезегінде компаниялардың қаржылық тұрақтылығын нығайтуға, корпоративтік басқаруды жақсартуға және экономиканың барлық салаларының даму деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

ҚазМұнайГаз сияқты ірі ұлттық компаниялар үшін міндетті аудиттің маңызы екі есе арта түседі. Бұл компаниялар өз қызметінде үлкен қаржылық операциялар жүргізетіндіктен, олардың қаржылық есептілігі мен есеп беру процесінің ашықтығы экономиканың дамуында үлкен рөл атқарады.

Негізгі бөлім

Аудит — Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық есептілік және қаржылық есептілікке байланысты басқа да ақпарат туралы тәуелсіз пікір білдіру мақсатында жүргізілетін тексеру.[1]

Аудиттің түрлері келесідей бөлінеді:

1. **Міндетті аудит** — заңмен белгіленген талаптарға сәйкес жүргізілетін аудит түрі. Бұл аудит түрі көбінесе ірі кәсіпорындарға немесе белгілі бір санаттағы ұйымдарға міндетті болып табылады.[1]

2. **Бастамашылық аудит** — ұйымның өз шешімімен жүргізілетін аудит түрі, мысалы, бизнес процесстерін оңтайландыру немесе басқарушылық шешімдер қабылдау үшін. [1]

Міндетті жыл сайынғы аудиторлық тексеруге жататын ұйымдардың шеңбері Қазақстан Республикасының заңдарында нақты белгіленген. Бұл ретте міндетті аудит жүргізетін аудиторлық ұйымдарға қойылатын талаптар да анықталады. Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 2015 жылғы 30 наурыздағы №231 бұйрығы бұл талаптарды бекіткен, бұл құжат міндетті аудитті жүргізетін аудиторлық ұйымдардың кәсіби деңгейін және оларды тексеру тәртібін айқындайды. [1]

ҚазМұнайГаз компаниясының жалпы сипаттамасы.

"ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ — Қазақстанның жетекші вертикалды интеграцияланған мұнай-газ компаниясы, 2002 жылы құрылған. Компания мұнай және газ барлау, өндіру, тасымалдау, өңдеу және мамандандырылған қызметтер көрсету салаларында жұмыс істейді. "ҚазМұнайГаз" өзінің активтерін басқару арқылы Қазақстан Республикасының мұнай-газ секторындағы негізгі мүдделерді қорғайды. Қазіргі уақытта оның негізгі қызметі көмірсутек шикізатын өндіру, тасымалдау және өңдеуден бастап мұнай химиясы мен сервис көрсетулеріне дейінгі кең ауқымды қамтиды.[2]

Компанияның құрамына Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Маңғыстаумұнайгаз, ҚазТрансОйл және тағы басқа маңызды өндірістік активтер кіреді. Сонымен қатар, ҚМГ халықаралық деңгейде де бірнеше мұнай өндіру және тасымалдау жобаларына қатысады. [2]

ҚазМұнайГаз компаниясында міндетті аудиттің орын алуы.

ҚазМұнайГаз – ҚР Аудиторлық қызмет туралы Заңының 5-бабы бойынша міндетті аудитке жататын объект. ҚазМұнайГаз компаниясында міндетті аудит жыл сайын жүргізіледі және оның басты мақсаты — қаржылық есептіліктің дұрыстығын тексеру, халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IFRS) сәйкестігін бағалау. Компанияның аудиттік қызметтері тек қана ішкі аудитті қамтымай, сыртқы тәуелсіз аудиторлардың қатысуымен де жүзеге асырылады.

Бұл процедура компанияның қаржылық операцияларының шынайылығын тексеріп, сыртқы инвесторларға, мемлекеттік органдарға және басқа да мүдделі тараптарға сенімді ақпарат ұсынады.



«Эрст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби а-ы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961
www.ey.com

ТОО «Эрст энд Янг»
пр. Ал-Фараби, 77/7
қамне «Есентай Тауэр»
ғ. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
Факс: +7 727 258 5961

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
Fax: +7 727 258 5961

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамның Акционерлеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

Пікір

Біз «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еншілес ұйымдарының (бұдан әрі «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының маңызды ережелері туралы ақпаратты қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің «Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңес (БХЭСК) қабылдаған Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының халықаралық кодексіне (БХЭСК Кодексі) (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне Қазақстан Республикасында қолданылатын этикалық талаптарға сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсіздік және біз осы талаптар мен БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық. Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі пайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Сонын нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер - Қайрат Медетбаев



„Эрст энд Янг“ ЖШС
Қайрат Медетбаев
Аудитор



Рустамжан Саттаров
«Эрст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры

Аудитордың 2013 жылғы 8 ақпандағы № МҚ-0000137 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметтен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия: сериясы МҚЮ-2, № 00000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрінің 2005 жылғы 15 шілдесінде берілген

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 12 наурыз

[3]

Міндетті аудит объектісіндегі ҚазМұнайГаз мысалында аудиттің экономикаға әсері.

1) Міндетті аудит ҚазМұнайГаздың қаржылық есептілігін дұрыстап, мемлекетке салық түсімдерін ұлғайтуға ықпал етеді. Компанияның қаржылық тұрақтылығы артып, халықаралық нарықтарда сенімділігін жоғарылатады.

13. ТАБЫС САЛЫҒЫНАН БАСҚА САЛЫҚТАР

Миллион теңгемен	2023 жыл	2022 жыл (қайта есептелген)
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық,	142.900	163.334
Шикі мұнай экспортына кіріс салығы	138.986	215.765
Экспорттық көден бажы	113.248	131.732
Ақциз	112.320	90.012
Өлеуметтік салық	44.863	38.195
Мүлікке салынатын салық	31.505	29.221
Басқа салықтар	10.258	9.662
	594.080	677.921

[3]

Кесте 1. Мемлекеттік бюджетке тұрақты салық түсімдері және оны аудиттің тексеруі мен экономикаға әсері

Салық түрі	2023 жыл (миллион теңгемен)	Аудитордың тексеруі және экономикаға әсері
Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық	142.900 миллион теңге	Аудиторлар салықтың дұрыстығын тексереді. Бұл салықтың төленуі ресурстарды тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді, ел экономикасының негізгі көздеріне қаржы құйылады.
Шикі мұнай экспортынан кіріс салығы	138.986 миллион теңге	Аудиторлар экспорттың көлемін және салық төлемдерінің дұрыстығын тексереді. Бұл салық

		Қазақстанның сыртқы саудасын және экспорттық мүмкіндіктерін тұрақты етеді.
Экспорттық кеден бажы	113.248 миллион теңге	Аудит салықтың дұрыс есептелуін және кеден бажының төленуін тексереді. Бұл салық мемлекеттік бюджетті толықтыруға, сыртқы сауданың дамуына әсер етеді.
Акциздер	112.230 миллион теңге	Аудит өнімдер мен шикізаттың сату көлемін тексеріп, акциздердің дұрыс төленуін қамтамасыз етеді. Бұл салықтың толық төленуі нарықтағы әділ бәсекені қамтамасыз етеді.
Әлеуметтік салық	44.863 миллион теңге	Аудиторлар компанияның қызметкерлеріне төленген әлеуметтік салықты тексереді. Бұл салықтың төленуі әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын арттырады.
Мүлікке салынатын салық	31.505 миллион теңге	Аудит компанияның жылжымайтын мүлкінен алынатын салықты тексереді. Бұл салықтар жергілікті экономикаға ықпал етеді және муниципалдық қызметтердің қаржыландырылуына көмек береді.
Басқа салықтар	10.258 миллион теңге	Аудит басқа салықтардың дұрыс төленгенін тексереді. Бұл салықтар компанияның әртүрлі операцияларына байланысты болып, экономикаға қосымша қолдау көрсетеді.

Ескерту – кесте автормен "ҚазМұнайГаз" Ұлттық компаниясы АҚ 2023 жылға арналған шоғырландырылған қаржылық есептілігі негізінде құрастырылған. [3]

Әрбір салық түрі мемлекеттік бюджетке түсетін тұрақты түсімдердің маңызды бөлігін құрайды. Аудиторлар осы салықтардың есептелуін, дұрыс төленуін және заңдылықтың сақталуын қадағалайды. Бұл салықтар экономиканың әртүрлі секторларына әсер етеді және елдің жалпы экономикалық жағдайына ықпал етеді.

2) Инвестициялар – ел экономикасының қозғаушы күші. Шетелдік және отандық инвесторлар үшін басты талаптардың бірі – компанияның қаржылық есептілігінің ашықтығы, дұрыстығы және сенімділігі. Бұл талаптарды орындау үшін аудит шешуші рөл атқарады.

ҚазМұнайГаз компаниясының шоғырландырылған есебіне сәйкес: Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялар көлемі 4,82 трлн теңге. Сол компаниялардан түскен таза пайда үлесі 500 млрд теңгеден астам. Бұл көрсеткіштер – ҚазМұнайГаз-дың ұзақмерзімді инвестициялық серіктестіктерде белсенді әрі сенімді қатысушы екенін көрсетеді. [3]

Аудит арқылы дәлелденген сенімді қаржылық жағдай ел экономикасына әсер етеді:

- Шетелдік инвесторлардың Қазақстан нарығына деген қызығушылығын арттырады;
- Ірі халықаралық жобаларға қаржы салуға жол ашады;
- Мемлекеттік жобаларға жеке капитал тарту мүмкіндігін кеңейтеді;
- Елдің инвестициялық рейтингтерін жақсартады және т.б.

Осылайша, аудит — инвестицияларды тарту мен ел экономикасын нығайтудың басты құралдарының бірі болып табылады.

3) 2023 жылы жүргізілген аудит ҚазМұнайГаз компаниясының қаржылық тұрақтылығын толық дәлелдеп берді. Ernst & Young аудиторлық ұйымының шоғырландырылған есептілікке жасаған тексерісі нәтижесінде, компанияның активтері 4,8 трлн теңгені, ал таза пайдасы 1,38 трлн теңгені құрағаны анықталды. Бұл көрсеткіштер аудит арқылы расталып, компанияның өтімділігі жоғары, қаржылық ахуалы тұрақты және тәуекел деңгейі төмен екенін көрсетті. [3]

Аудиттің басты рөлі — компанияның активтері мен міндеттемелерінің дәлдігін тексеру арқылы оның нақты қаржылық жағдайын көрсету. ҚазМұнайГаз бойынша аудит нәтижесінде активтердің толық қамтылғаны, салықтық және инвестициялық есептердің дұрыс жасалғаны расталды. Бұл деректер компанияның сыртқы және ішкі қарыз алушы ретінде сенімді серіктес екенін дәлелдейді.

Осындай сенімді аудит нәтижелері негізінде ҚазМұнайГаз халықаралық қаржы институттарынан төмен пайызбен қарыз тарту мүмкіндігіне ие болады. Бұл компанияның инвестициялық жобаларды тиімді қаржыландыруына жол ашады.

4) 2023 жылы ҚазМұнайГаз компаниясына жүргізілген аудиттің тағы бір маңызды қыры — оның IFRS (International Financial Reporting Standards) және ISA (International Standards on Auditing) халықаралық стандарттарына толық сәйкес жүргізілуі.

- ISA — International Standards on Auditing (ХАС). Бұл — Халықаралық бухгалтерлер федерациясы шығарған стандарттар мен құжаттар. [1]

- IFRS — International Financial Reporting Standards (ХКЕС). Бұл стандарт бүкіл әлем бойынша қолданылатын бірыңғай есеп саясатын қамтамасыз етеді.

2023 жылғы Ernst & Young аудит қорытындысынан үзінді:

«Біздің пікірімізше, осы шоғырландырылған қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (IFRS) толық сәйкес дайындалған және ҚМГ тобының қаржылық жағдайын шынайы көрсетеді.»[3].

Мемлекеттік қаржының ашықтығы артып, елдің инвестициялық рейтингі жақсарады. Халықаралық стандарттар бойынша дайындалған және аудитпен расталған есеп — қаржы манипуляцияларының, салық жалтару мен актив

жасыру тәуекелдерін барынша төмендетеді. Бұл өз кезегінде елдегі бизнес ортаға деген сенімді арттырады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, міндетті аудит – ел экономикасының ашықтығы мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құрал. ҚазМұнайГаз секілді ірі ұлттық компаниялардағы аудит тәжірибесі көрсеткендей, қаржылық есептіліктің дұрыстығын тәуелсіз тексеру салықтық тәртіпті күшейтіп, бюджет кірістерін арттырады, инвестициялық сенімділікті қамтамасыз етеді және қаржылық тұрақтылықты нығайтады. Сонымен қатар, аудиттің халықаралық стандарттарға сәйкестігі Қазақстанның жаһандық қаржы жүйесіне интеграциялануына, бизнес ортасының ашық әрі әділ қалыптасуына жол ашады. Осы арқылы міндетті аудит тек жекелеген компаниялар үшін емес, жалпы ел экономикасының тұрақты дамуы үшін маңызды рөл атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының 20.11.1998 ж № 304-І «Аудиторлық қызмет туралы» Заңы - <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z980000304>
2. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ ресми сайты - <https://www.kmg.kz/>
3. «ҚАЗМҰНАЙГАЗ» ҰК АҚ-НЫҢ 2023 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ - [https://www.kmg.kz/upload/iblock/b05/df5uuqtq4yeo5rwvbo4437qfwpdvymjh/KMG_AR23_KAZ%20\(3\).pdf](https://www.kmg.kz/upload/iblock/b05/df5uuqtq4yeo5rwvbo4437qfwpdvymjh/KMG_AR23_KAZ%20(3).pdf)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

Байбозин.Ж.Е

«Мемлекеттік аудит» білім беру бағдарламасының магистранты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті,
Астана қаласы, Қазақстан Республикасы
e-mail: baibozin777@mail.ru

Андатпа: Мемлекеттік экологиялық аудит — экологиялық бақылау мен басқару жүйесінің маңызды элементі. Бұл процесс экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және экологиялық заңнаманың сақталуын бақылау мақсатында жүзеге асырылады. Экологиялық аудиттің халықаралық тәжірибесі, заңнамалық негіздері және экономикалық, экологиялық маңызы еліміздің экологиялық саясатын дамытуда маңызды рөл атқарады.

Аннотация: Государственный экологический аудит является важным элементом системы экологического контроля и управления. Этот процесс осуществляется в целях обеспечения экологической безопасности, эффективного использования природных ресурсов и контроля за соблюдением экологического законодательства. Международный опыт, правовые основы и